

собственника, в связи с чем защита права собственности, а также создание необходимых условий для ее реализации на сегодняшний день являются теми гарантиями, которые обеспечат жизненно важные интересы личности, общества и государства.

Список литературы:

1. «Черные» рейдеры уходят в землю?». [http:// www.sales@intalev.ru](http://www.sales@intalev.ru).
2. Борисенко А. Проблема «рейдерства» в Украине. // Фрагмент спецвыпуска издательства «Экономика». Инэко-Инвест. 04.06.2007; Инвестгазета. № 17. 7 мая 2007.
3. По мнению этого ученого, нет ни одного предприятия, которое могло бы чувствовать себя в безопасности в этом отношении, причем тенденции к сокращению захватов предприятий не наблюдается, им подвергается как крупный, и средний, так и малый бизнес. По его словам, в 2005 году общий объем спорных активов в России составил около 200 млрд. рублей, и это фактически стоимость захваченных предприятий. Больше всего от рейдеров страдает средний и малый бизнес // См.: «В мире нет такого рейдерства, как в России» // ИА. Ж. «Альянс Медиа». 2006.
4. Региональные аспекты рейдерства в современной России. <http://www.internet@itartass.ur.ru>.
5. Как отмечает российский эксперт Гудков Г., «утечка капитала за границу составляет примерно 100 млрд. долларов в год». // Захват собственности – рейдерство. [http:// www.muraviov.ru](http://www.muraviov.ru).
6. Более подробно об этом см.: Весь сор в одной избе. Исследование «Центра политических технологий» под рук. Бунина. <http://www.Компромат.Ru>.
7. См.: Рейдерство в Украине: Проблема и пути решения. // <http://www. «Центр исследования корпоративных отношений»>. 16.12.2006; <http://www. «Выборы.org»>.
8. Лапина Н. Два цвета современного рейдерства. // Российская газета. 04.08.2006 г. № 4136.
9. Борисенко А. Проблема «рейдерства» в Украине. // Фрагмент спецвыпуска издательства «Экономика». Инэко-Инвест. 04.06.2007; Инвестгазета № 17. 7 мая 2007.
10. Ш.Мирзиёев. Всесторонне развитое поколение – основа великого будущего, созидательный труд народа – основа благополучной жизни, дружба и сотрудничество – гарантия процветания // Доклад Ш.Мирзиёева на торжественном собрании, посвященном 26-летию принятия Конституции Республики Узбекистан. Народное слово 08.12.2018 г.
11. «Сообщено о том, что большая часть коррупции относится к Ташкенту». [http:// kun.uz](http://kun.uz). 15.06.2020 г.

ҚАЗІРГІ САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСЕРІ

Шакенов А.О., з.ғ.к., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті

Қылмыстылықтың құрылымындағы қазіргі кездегі өзгерістер онымен күрес жүргізуші құқық қорғау қызметкерлерінің қызметін күнделікті арттырып отыруды талап етеді. Заман ырқына қарай өзгеріске ұшырап, әрдайым жетілдіріліп отыратын қылмыстылық сияқты динамикалық құбылыстың алдын алу, келекшек құқық қорғау органдарының мамандарынан сапалы кәсіби дайындықты қажет ететіндігі, ол заңдылық.

Осыған орай, мемлекет және жұмыс беруші құқық қорғау органдарының келешек қызметкерлеріне бірқатар талаптар қойып, оның ерекше басымдығы тергеу және оқиға орнын қарап-тексеру, тінту, заттық дәлелдемелерді жинап-бекіту сияқты жекелеген тергеу әрекеттерін іске асыру кезіндегі практикалық дағдылар мен машықтарға ие болуға бағытталған. Мұндай дағдылардың қалыптасуына көбіне практикалық қызмет себеп

болады, алайда оның негіздері құқықтық бейіндегі жоғары оқу орындарында білім алу кезінде қаланады.

Келешек құқық қорғау органдарының қызметкерлерін оқыту және оларды маман ретінде даярлау тек біздің мемлекетіміздің ғана бірінші кезектегі міндеті болып табылмайды, түлектер алған теориялық білімдерін құқық бұзушылықтармен күрес және азаматтардың заңды мүдделерін қорғау кезінде дұрыс қолдана білу проблемаларын шешу іргелес және алыс шетел мемлекеттері де қолға алған. Өркениетке бет бұрған әрбір елдің бәсекеге қабілетті, білімді және құзыретті тұлға қалыптастыруға ұмтылуы орынды, әрі заңды. Жаңа дәуір туғызған міндеттерді толық жүзеге асыру мақсатында заман талабына сай білім беру жүйесін жасап, болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми өндірістері үшін алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін, бәсекелестік қабілеті жоғары, қарымы мол басқарушы кадрлар қорын жасақтау туралы тұжырым мемлекетіміздің алдына қойған басымдылықтың ғылыми және тәжірибелік құндылығын айқындай түседі. Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесті құру туралы» Жарлығы осы басымдылықтың дәлелі болып саналады [1].

Осы орайда жоғары оқу орындары аталған тапсырысты орындау үшін оқу процесіне практикалық дағдыларды қалыптастыруға көмек беретін нақты әдістерді енгізеді. Алайда, оқу процесінің қомақты үлесі теориялық білімдерге негізделгендіктен келешек тергеуші, анықтаушы, жедел іздестіру қызметкерлерін оқыту кезінде практикалық бейінді іске асыру қиынға соғады. Практикалық сабақтарды жүргізу барысында іске асырылатын білімдердің көп мөлшері негізінде өз мақсатына жетеді, білім алушылар бірқатар тәжірибелік дағдыларды меңгереді. Бірақта, сабақтардың аудиториялық сипатын, олардың болжалдылығын және білім беру жүйесіндегі оқу-әдістемелік формализмді ескеретін болсақ, білім алушылардан өз алған білімдерін бірден іс жүзінде қолдануды талап ету қиын. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған көріністер «Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі», «Сот-прокурорлық қызмет» сияқты мамандықтардың түлектеріне өз білімдерін нақты бейімделу кезеңін өтпей, бірден қолдануға мүмкіндік бермейді.

Мұндай мәселе оқу процесінде және практикалық қызметте жедел-тактикалық ойындар жүргізу, сондай-ақ арнайы криминалистикалық полигон мүмкіндіктерін қолдану арқылы ішінара шешіліп жатады.

«Полигон» терминінің бірнеше мағынасы бар, яғни гректің *poly* – көп және *gonia* – бұрыш деген сөз тіркесі. Біріншіден, арнайы әскерилермен оқу немесе тәжірибе сабақтарын, атыс жаттығуларын өткізуге бағытталған үлкен елсіз аумақ (әскерлік ұғым). Екіншіден, көпбұрыш түріндегі бекіністердің орналасуы (әскерлік ұғым). Үшіншіден, көпбұрыш (математикада қолданатын ұғым) [2]. Криминалистиканы оқыту тәжірибесіндегі полигон терминінің пайда болуына бірінші мағына жақын. Осыдан туындайтыны жоғарыда көрсетілген сапалы білім беруді іске асыру үшін криминалистикалық полигонның көлемі ауқымды болған жөн.

Бірқатар ғалым-криминалистердің пікірінше, криминалистикалық полигон дәлелдемелерді табу, алу, бекіту және зерттеу бойынша практикалық сабақтар мен жаттығуларды жүргізуге бағытталған машықтану кешені ретінде көрсетілген. Криминалистикалық полигонда орналасқан объектілер қарау, тергеу эксперименті, тінту сияқты әртүрлі тергеу әрекеттерін жүргізу жағдайын ұқсатуға, кешенді түрде іздерді бағалауды үйретуге, сондай-ақ құқық органдарының келешек мамандарының криминалистикалық әдіс-құралдарды біліп, оларды шеберлікпен пайдалануына және осы органдардың қылмысқа қарсы күрес жұмыстарының іскерлігін арттыруға мүмкіндік береді [3]. Криминалистикалық полигон бөлмеде де, ашық аулада да құрылады. Ондағы жағдай тұрақты (дүкеннің сауда жүргізетін залы, тұрғын бөлме, қойма және т.б.) немесе өзгермелі (жылжымалы шымылдық, заттардың ауыстырмалы бөліктері және т.б.) болуы мүмкін.

Айта кететін бір жайт, криминалистикалық полигонда практикалық сабақтар өткізу қазіргі таңда бірегей, өте сирек кездесетін көрініс емес. Алдымен, практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған заманауи тенденциялар білім беру саласында да, тәжірибелік қызметте де криминалистикалық полигондардың пайда болуына бастамашылық болады. Мысалы, еліміздің бірқатар жоғары оқу орындары ведомстволық білім беру мекемелерімен (Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды, Алматы академиялары) қатар, қылмыстық жағдайды ұқсастыруға мүмкіндік беретін көлемі ауқымды криминалистикалық полигонмен жасақталған (мысалы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚазМЗУ). Сонымен қатар, Қазақстанның қылмыстық қудалауды іске асырушы бірқатар практикалық органдары тергеуші, криминалист, анықтаушы, жедел іздестірушілермен оқиға орнында жұмыс дағдыларын жетілдіру мақсатында тәжірибелік сабақтар өткізу үшін жаттығу кешендерін дайындаған.

Жоғарыда аталғандар елімізді алғаш жаңалық ашушылар қатарына қоспайтындығын айтқан жөн. Бұл мәселені зерттеу арқылы заңи бағыттағы мекемелерде криминалистикалық полигон құру қажеттілігін аңғарамыз. Мұндай кешендер көршілес Ресей, Қырғызстан мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен қатар, құқық қорғау органдарының базасында ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Жаттығу кешенін қолдана отырып оқытудың практикалық нысаны құқық қорғау органдары қызметінің әр саласындағы дағдыларды машықтануға мүмкіндік беретіндігін Германия, Франция, АҚШ сияқты шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерделеу нәтижесі көрсетіп отыр.

Мысалы, АҚШ полицейлерін оқыту бағдарламасы кәсіби-тұлғалық дайындықты көздеп, қызметкерлердің этикалық мінез-құлқы көпшілік мақұлдаған азаматтардың мінез-құлық стандарттарымен тығыз байланыста болғандықтан, полицейлер күнделікті жұмыста туындайтын проблемаларды шешу шеберлігін әрдайым жаттықтырып отырумен айқындалады.

Мұндай жағдайды Батыс Еуропа елдерінде де байқауға болады. Онда құқық қорғау органдарының келешек мамандарына оқиға орнын қарау, қылмыс іздерін табу, бекіту және алу, тінту, жауап алу, қарулы қылмыскерді ұстау ережелерін үйретудің машықтану нысаны оқу процесіне кіреді. Және де полицейге үміткер ақиқат болмысқа мейлінше жақын жағдайда өзі алған теориялық білімдерді әрдайым ауысып тұратын ситуацияға қарай іске асырады.

Криминалистикалық полигондар негізінде оқыту біздің елде де әртүрлі іздермен жұмыс жасау, оқиға болған жерді қарау және басқа да тергеу әрекеттерін іске асыру дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар еліміздің жоғары оқу орындарындағы криминалистикалық полигондардың жұмысына талдау жүргізетін болсақ, көбіне төмендегідей тұжырымға келуге болады:

– полигондар криминалистика (бірқатар жоғары оқу орындарында қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы болып біріктірілген) кафедрасында орналасқан;

– полигондардың көп бөлігі «Тұрғын бөлме» макетін ғана құрастырған;

– оларда негізінен оқиға орнын қарау дағдылары машықтанады;

– көбіне полигондар қарапайым аудитория ретінде қолданылады.

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарында криминалистикалық полигонға деген көзқарас қатаң түрде міндеттелген. Мысалы, «Тұрғын бөлме» макеті ұйықтайтын бөлме және ас бөлмесінен, сондай-ақ тергеу әрекетіне қатыспаушы оқу тобының басқа мүшелері бақылайтын бұрыштан (көрермен залы) тұрады. Бөлме тиісті жиһазбен жабдықталған, сабақ тақырыбына байланысты білім алушылардың қарамағына манекендер (ер немесе әйел адамның) ұсынылуы мүмкін.

Мұндай полигондарда криминалистикалық тактиканың «Тергеулік қарау және куәландыру тактикасы», «Тінту және алу тактикасы», «Айғақтарды сол жерде тексеру

және нақтылау тактикасы» сияқты тақырыптары бойынша, сондай-ақ криминалистикалық әдістеменің жекелеген тақырыптарынан практикалық сабақтар жүргізіледі.

Практикалық сабақтардың мақсаты ретінде дәріс және семинар сабақтарында алынған теориялық білімдерді бекіту, тұрғын бөлмеде тергеу әрекеттерін жүргізу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыру, қылмыс және оған қатысушылар жайлы ақпаратты алу және пайдалануда ғылыми-техникалық әдіс-құралдарды қолдану, процессуалдық және тактикалық шешімдерді негіздеп, қабылдау бойынша жеке тергеу әрекеттері мен тактикалық операцияларды жүргізуде тактикалық тәсілдерді қолдану, оқиға орнында тергеу-жедел тобының жұмысын ұйымдастыру табылады. Бұл жерде сабақ жүргізудің негізгі әдісі – рөлдік ойын. Сабақ оқу аудиториясында оқытушының кіріспе сөзінен басталады, онда тақырып, лабораториялық сабақ мақсаты және оны өткізу тәртібі анықталады. Алдын ала сұрау жүргізіліп, тапсырма берілген соң, білім алушылар сабақты жалғастыру үшін полигонға барады. Сабақ қорытындысы полигонда да, оқу аудиториясында да жасалуы мүмкін.

Далада сабақ жүргізу үшін криминалистикалық полигон аумағы пайдаланылып, кафедра қызметкерлері қылмыс оқиғасының моделін жасайды. Тиісті нұсқама беріліп, рөлдер таратылған соң, нақты тергеу әрекеті, көбіне оқиға орнын қарау, көлікті қарау, тінту әрекеттері іске асырылады.

Сабақ берудің осындай дәстүрлі түрлері өзінің жағымды қырларымен қатар, бірқатар кемшін жерлерімен көзге түседі, мәселен:

- криминалистикалық полигонда сабақтар жүргізу, сондай-ақ олардың оқу процесінде пайдаланылуы жайлы типтік әдістемелік ұсынымдардың жоқтығы;

- криминалистикалық полигондардың криминалистика кафедрасының теңгерімінде болуы, соның нәтижесінде қылмыспен күрестің басқа бағыттары ішінара, кей кезде ғана немесе мүлдем қолданылмайды;

- көбіне жиі қолданылатын макеттерден құрастырылған қозғалмайтын композиция болғандықтан, оларды қолдану икемділігін шектейді;

- криминалистикалық полигонды тұрақты композиция нысанында әрдайым пайдалану оқытушылар мен білім алушылар ортасындағы тәуелділік пен формализмге әкеп соқтырады, ол өз алдына тиімділікті төмендетеді;

- криминалистикалық полигондар негізінде «Криминалистика» курсының «Криминалистикалық тактика» бөлімі бойынша жүргізіледі, сондықтан да оның пайдалану деңгейін көтеруге мүмкіндік бермейді;

- криминалистикалық полигонда жүргізілетін сабақтар жайлы мәліметтер білім алушыларға мәлім болады, соның нәтижесінде бұл сабақ түрінің кенеттік элементі күні бұрын жоғалып, оның нәтижелілігі төмендейді;

- қаражат тапшылығы криминалистикалық полигон жасағын әрдайым жаңартып отыру қажеттілігін қиындатады.

Жоғарыда келтірілген ескертулер біздің ойымызша криминалистикалық полигон мүмкіндіктерін жеткіліксіз ұғыну және оған қатысты әдістемелік талдаулардың болмауына негізделіп отыр. Әртүрлі оқу-әдістемелік құжаттарды зерделеу нәтижесінде криминалистикалық полигондар оқу процесінің жолай әдістемелік қамтамасыздығы екендігі байқалды, ондай көзқарас түбегейлі дұрыс емес. Мұндай сабақ беру нысаны сөзсіз негізгі болу керек, және де әдістемелік талдаулар полигон мүмкіндіктерінен туындау керек.

Криминалистикалық полигонда сабақ берудің осындай формасы әліде болса өзінің тиімділігін толыққанды сарқи қойған жоқ, келешекте әрі қарай жетілдірілуі мүмкін.

Біздің ойымызша, сабақ берудің мұндай формасына өз алдына бөлек және арнайы сипат беріліп, оларға арнайы штат енгізілгенде, әртүрлі мамандықтар бойынша практикалық сабақтарды жүргізу мүмкін болады. Жоғары оқу орнының құрылымында өзінің штаттық орналасуы, тәуелсіз материалдық, процессуалдық және әдістемелік қамтамасыздығы бар арнайы криминалистикалық полигон құрылса, құқық қорғау

органдары қызметкерлерінің барлық санаттарымен практикалық сабақтар жүргізу мүмкіндігі пайда болады.

Төмендегідей объектілер мен макеттерді енгізу арқылы полигон мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтуге болады:

- жаңа инновациялық жабдықтармен жасақталған бақылау және басқару орталығы;
- оқу аудиториясы;
- оқытушылар бөлмесі;
- ситуациялық орталық;
- «Кезекшілік бөлім» макеті ;
- «Тұрғын бөлме» макеті;
- «Дәліз» макеті;
- «Ас бөлме» макеті;
- «Дәріхана» макеті;
- «Мини-маркет» макеті;
- «Валюта айырбастау пункті» макеті;
- «Көлік тұрағы» макеті;
- «Теміржол жолаушылар вагоны» макеті;
- «Автобус аялдамасы» макеті;
- «Автомобиль» макеті және тағы басқа.

Келешекте сабақтың артықшылығы мен кемшіліктерін талдай алатындай, әрбір машықтану бөлмесі бейнекамерамен жасақталып, ол бақылау және басқару орталығымен байланыстырылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген тізімді әрбір жоғары оқу орны өзінің келешек заңгерлерге білім беру бейініне қарай толықтырып немесе шектей алады.

Криминалистикалық полигонның қызметкерлері оқытушының тапсырысымен сабақ жүргізу орнын дайындайды. Мұнда әртүрлі сипаттағы қылмыс іздері сабақ жүргізуші оқытушыға да, оған қатысушыларға да белгісіз жерлерге қалдырылады. Оқытушы оқу тобын сабақ өткізілетін жерге дейін жеткізіп, сосын бақылау және басқару орталығына барады. Барлық ойын алаңдарын бейне және дыбыс бақылау құралдарымен жабдықтауға болады. Аталған орталықтан сабақтың өту барысына бақылау орнатылады. Сабақ аяқталған соң, аудиторияда не ойын алаңында жаттығу нәтижелері қателіктерді және дұрыс жақтарын көрсету арқылы талқыланады. Білім алушылар санатына қарай ойын тапсырмаларын күрделену немесе жеңілдету жағына қарай, басқа деңгейлерге көшу арқылы икемдеуге болады. Мысалы, келешек тергеушілер үшін криминалистикалық тактикадан тапсырмалар, ал келешек бөлініс басшылары үшін аса қауіпті қылмыскерлерді ұстауға қатысты өзара әрекеттесу бойынша ұйымдастырушылық сипаттағы тапсырмалар жүктеледі. Әртүрлі ситуациялар бойынша жедел басқарушы шешім қабылдау үшін полигонның ситуациялық орталығына жүгінуге болады.

Жоғары оқу орнында, соның ішінде академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қарамағында осындай криминалистикалық полигонның жұмыс істеуі өзінің бірқатар артықшылықтарымен көзге түседі:

- полигонда өңірдегі прокуратура, сот, басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері өз біліктілігін арттыра алады;
- білімді криминалистикалық полигон арқылы бағалау кадрлық сұрақтарды шешуге мүмкіндік береді, яғни үміткер қызметке дайын ба, дайын болса, қандай құрылымда жұмыс істей алады;
- сабақ барысында оқытушы іздердің бар екендігін білсе де, олардың қай жерде орналасқанын білмейді, яғни қылмыс үшін маңызды қасиет – ақпараттық белгісіздікке қол жеткізіледі;
- өз алдына жеке бөлініс ретіндегі криминалистикалық полигонның мәртебе жағдайы онда қылмыстық-құқықтық, тергеулік-криминалистикалық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық мамандықтар өкілдерімен сабақ жүргізуге мүмкіндік береді;

- әртүрлі макеттердің болуы бір мезгілде бірнеше ойын еліктемелерін құрастыруға мүмкіндік береді;
- криминалистикалық полигонның дербестігі әртүрлі мамандықтармен кешенді ойындар өткізу кезінде бірыңғай қойылым жасауға мүмкіндік береді;
- ойындарға бірыңғай макеттер жиынтығын әзірлеу;
- практикалық сабақтарда бірнеше макеттерді пайдалану.

Қазіргі замаңғы ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты келешек заңгерлерді оқытып, үйретуде «полигон» терминінің басқа да мазмұнын қарастыруға болады. Мұнда полигон ретінде білім алушылар ақпарат іздей алатын, қылмыс фабулаларын құрастыратын, құжаттарды толтыра алатын, тергеу әрекеттерінің бағдарлық бөлігімен жұмыс істеуге (оқиға болған жерді қарау, тергеу болжамдарын құру, болжалды қылмыскерді ескере отырып тергеу-оперативтік шараларды ұйымдастыру) үйрете алатын ақпараттық мәліметтер қоры және компьютерлік бағдарламалар қарастырылады. Виртуалдық полигондардың артықшылығы – олар көлемі бойынша шағын, бір мезгілде бірнеше пайдаланушының бағдарламаға кіруге рұқсат алу мүмкіндігімен көзге түседі, алайда шын мәніндегі ситуацияны еліктетудің компьютерлік бағдарламалар алдында елеулі артықшылығы бар, өйткені білім алушылардың өздері тікелей оқиға қатысушы бола алады.

Осылайша, криминалистикалық полигонды қолдану жоғары оқу орнында білім беру процесінің инновациялық және арнайы формасы деп санауға болады. Қазіргі замаңғы ақпараттық технологияларды қолданумен байқалатын полигонның виртуалдық блогымен қылмыс жасау орнының шын мәніндегі моделінің ұштасуын оқытудың бұл нысанының даму перспективаларына жатқызуға болады. Қорытындылай келе, еліміздің жоғары көрсеткіштерге ие болып жүрген әрбір білім ордасы заман талабына сай криминалистикалық полигон сынды кешенді оқыту нысандарын құруға бет бұрса, бәсекелестік қабілеті жоғары, қарымы мол заңгерлерді даярлау мүмкіндігі арта түсетіні сізсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесті құру туралы» Жарлығы // <https://www.akorda.kz/kz/-2605811>. – 26.01.2023.
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.; Толковый словарь Ушакова онлайн. <http://ushakovdictionary.ru/word.php?wordid=52896>.
3. Шакенов А.О. Криминалистика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ

*Идгеев М.С., магистрант 1 курса Высшей школы права Международного университета Астана, г. Астана
(Научный руководитель – Иманбаев С.М., к.ю.н., профессор)*

На основе анализа научных мнений экспертов по проблеме разработки правовых и специальных средств и методов противодействия уголовных правонарушений в сфере недоброкачественного строительства, их сдачи и прием в эксплуатацию зданий и сооружений нами сформирован вывод, что данная проблема носит комплексный характер. Только тесное сотрудничество заинтересованных ведомств, строительных компаний с